


Әзілхан Нұршайықов



Мамырдың он екісі
Сынып жұмысы
Әзілхан Нұршайықов

1-тапсырма. (3-тапсырма 141-бет) Мәтінді түсініп оқы. Прочитай текст с пониманием.



Әзілхан Нұршайықов 1922 жылдың 15 желтоқсанында бұрынғы Семей облысында дүниеге келген. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Алматыдағы Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдегі Абай атындағы педагогикалық институтында оқыды.

Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын мұғалім болып бастаған. 1947-1973 жылдары республикалық, облыстық газеттерде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас редактор қызметін атқарады.

Көп жылдар Қазақстан Жазушылар Одағы проза кеңесінің жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы қызметін атқарған.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын ақын, публицист ретінде бастаған. Өлеңдері мен очерктері, публицистикалық мақалалары аудандық, облыстық, республикалық баспасөзде, соғыс жылдарындағы майдан газеттерінде жарияланып тұрған.

Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан жазушы. Қаһармандық рухта «Ақиқат пен аңыз» романы мен «Тоғыз толғау», «Ғажап адам», «Невель түбінде» және көптеген әңгіме, повестерін жазған. И.Буниннің шығармаларын, М.Шолоховтың «адам тағдыры» туындыларын қазақ тіліне аударады. Әзілхан Нұршайықов II дәрежелі «Даңқ», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше мадальмен марапатталған.

Жазушының шығармалары негізінен Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өміріне арналған. Бұл бүгінгі жас ұрпақты патриоттыққа, еңбекшілдікке, адалдыққа тәрбиелейді. Көрнекті жазушы 2011 жылы қайтыс болды. Жазушының халыққа сыйлаған көркем туындылары, асыл мұрасы мәңгілік сақталады.

Перевод текста

Азильхан Нуршаиков родился 15 декабря 1922 года в бывшей Семипалатинской области. После окончания сельской школы учился на рабочем факультете Алматинского Горного института, в Семипалатинском педагогическом институте имени Абая.

Свою трудовую деятельность Азильхан Нуршаиков начал учителем. В 1947-1973 годах работал литературным сотрудником, заведующим отделом, главным редактором республиканских и областных газет.

Долгие годы работал председателем Совета молодых литераторов прозаического совета Союза писателей Казахстана.

Свою творческую деятельность Азильхан Нуршаиков начал как поэт, публицист. Стихи и очерки, публицистические статьи публиковались в районной, областной, республиканской печати, в фронтовых газетах военных лет.

Он писатель, участник Великой Отечественной войны. В героическом духе написал роман «Истина и легенда», «Девять волнений», «Удивительный человек», «На дне Невеля» и множество рассказов и повестей. Переводит на казахский язык произведения И. Бунина, произведения М. Шолохова «Судьба человека». Азильхан Нуршаиков награжден орденами «Даңқ» II степени, «Знак Почета», «Дружбы Народов», «Отечественной войны» II степени, несколькими медалями.

Произведения писателя в основном посвящены жизни ветеранов Отечественной войны и труда. Это воспитывает сегодня молодое поколение в патриотизме, трудолюбии, честности. Выдающийся писатель умер в 2011 году. Произведения искусства, подаренные писателем народу, его благородное наследие будут сохранены навсегда.

2-тапсырма. (4-тапсырма 141-бет).Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер. (Ответьте на вопросы по содержанию текста).

1.Әзілхан Нұршайықов қай соғысқа қатысқан?

2.Әзілхан Нұршайықов қай жылы туған?

3.Ол қай жерде дүниеге келген?

4.Жазушы қайда білім алған?

5.Әзілхан Нұршайықов қандай қызмет атқарған?

6.Жазушының Ұлы Отан соғысына байланысты жазылған қандай шығармасын білесің?

7.Әзілхан Нұршайықов немен марапатталған?

Перевод

1. В какой войне участвовал Азильхан Нуршаиков?
2. В каком году родился Азильхан Нуршаиков?
3. Где он родился?
4. Где учился писатель?
5. Какую должность занимал Азильхан Нуршаиков?
6. Какое произведение писателя, посвященное Великой Отечественной войне, вы знаете?
7. Чем награжден Азильхан Нуршаиков?

Сау болыңыздар!

